"Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің Республикалық дағдарыс орталығы" мемлекеттік мекемесін құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 13 қаңтардағы N 40 Қаулысы

Авариялық-құтқару күштері мен құралдарын басқару жүйелерін жетілдіру, сондай-ақ табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы ақпаратты қабылдау және өңдеу қызметін құру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің Республикалық дағдарыс орталығы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Мекеме) құрылсын.

2. Мекеме қызметінің негізгі мәні болып мыналар айқындалсын:

табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы ақпаратты қабылдау және өңдеу;

тұрақты дайындық күштерін орнықты және үздіксіз басқаруды және оларды төтенше жағдайларды жоюға арналған құралдармен қамтамасыз ету.

3. Мекемені қаржыландыру Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігіне тиісті қаржылық жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен және шегінде жүзеге асырылады деп белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

Мекеменің жарғысын бекітсін және оның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

5. <*>

Ескерту. 5-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 214 *қаулысымен.*

6. Осы қаулы 2001 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК